

## Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдаланудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қаңтардағы N 19 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1659 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.21 № 1659 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 473-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдаланудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 тамыздағы N 932 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 2002 ж., N 28, 311-кұжат) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2009 жылғы	19 қаңтардағы
N 19 қаулысымен	
бекітілген	

## **Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру ережесі**

1. Осы Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға

рұқсаттар (рұқсаттар телнұсқаларын) беру тәртібін анықтайды.

2. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдары радиожилік спектрін пайдалануға рұқсатты ресімдеу үшін байланыс саласындағы уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне радиожилікті тағайындауға арналған өтінімді үш дана да ұсынады.

3. Радиожилікті тағайындауға арналған өтінімге мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613 Қаулысымен.**

3) телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілген лицензияның көшірмесі;

4) антенна бағытталуының нормаланған диаграммалары қоса берілген белгіленген үлгідегі радиоэлектрондық құралға арналған сауалнама;

5) сұралатын жиілік белдеуінің негіздемесі келтірілетін, жоспарланған радиоторабының (радиожелісі) мақсаты мен сипаты, қолдануға жоспарланған радиоэлектрондық құралдардың техникалық параметрлері туралы мәліметтер нақты жазылған түсіндірме жазба, байланыс ұйымының схемасы;

6) телевизия (радио хабарларын тарату) станцияларын орнату орны көрсетілген болжамды қызмет көрсету аумағының жергілікті жері картасының көшірмесі;

7) бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәліктің көшірмесі;

8) азаматтық мақсаттағы радиоэлектронды құралдардың қолданыстағы және пайдалану үшін жоспарланатын радиоэлектронды құралдармен электр магниттік үйлесімділігі сараптамасының қорытындысы.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613 Қаулысымен.**

4. Байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі радиожилікті тағайындауға арналған өтінімнің және оған қоса берілген құжаттардың жинақталуын әрі дұрыс ресімделуін тексереді.

Радиожилікті белгілеуге арналған өтінімді қарау мерзімі оның тіркелген күнінен бастап он жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Өтінім толық жинақталмаған немесе дұрыс ресімделмеген кезде ол қажетті толықтырулар және/немесе түзетулер енгізу үшін телевизия немесе радио хабарларын тарату ұйымына қайтарылады.

Радиожилікті тағайындауға арналған өтінім қайта берілген жағдайда оны қарау мерзімі жаңартылады.

Ереженің 3-тармағында көрсетілген радиожилікті тағайындауға арналған өтінімнің бір данасы байланыс саласындағы уәкілетті органға жіберіледі, екінші

данасы байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде қалады, үшінші данасы қорытынды алу үшін ұйымға жіберіледі.

5. Байланыс саласындағы уәкілетті орган Ереженің 4-тармағының бесінші абзацында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін белгіленген тәртіппен жиіліктер, радиожіліктер (радиожілік арналары) белдеулерін тағайындау рәсімін жүргізеді және Халықаралық электр байланысы одағының радиобайланыс регламентіне сәйкес радиожіліктерді халықаралық үйлестіру және радиожілік спектрін пайдалануға рұқсатты ресімдеу жөніндегі і с - ш а р л а р д ы о р ы н д а й д ы .

Өтінім жасалған радиожілік (радиожілік арнасы) бос болған жағдайда, сондай-ақ радиожіліктерді келісуді және халықаралық үйлестіруді жүргізуде қажеттілік болмаса, байланыс саласындағы уәкілетті орган белгіленген үлгідегі өтінім түскен күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей радиожілік спектрін пайдалануға арналған тиісті рұқсатты ресімдейді. Өзге жағдайда байланыс саласындағы уәкілетті орган радиожіліктерді радиожілік органдарымен келісу рәсімін және Халықаралық электр байланысы одағының радиобайланыс регламентіне сәйкес радиожіліктерді шектес мемлекеттермен (Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аймақтарында) халықаралық үйлестіруді жүргізеді, бұл ретте өтінімді қарау мерзімі тиісінше отыз күнге және төрт айға д е й і н ұ з а р т ы л а д ы .

Байланыс саласындағы уәкілетті орган радиожіліктерді шектес мемлекеттермен халықаралық үйлестіруді жүргізу кезінде өтінім иесіне өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы алдын ала жазбаша нысанда хабарлама береді. Радиожіліктерді келісу және халықаралық үйлестіру нәтижелері бойынша радиожілік спектрін пайдалануға тиісті рұқсат ресімделеді не жазбаша дәлелді б а с т а р т у б е р і л е д і .

6. Радиожілік спектрін пайдалануға берілген рұқсат міндетті түрде мынадай м ә л і м е т т е р д і қ а м т у ы т и і с :

- 1) жиілік, радиожілік (радиожілік арнасы) белдеуі және қолданылу түрі;
- 2) техникалық құралдардың орналасқан жері, оның ішінде географиялық координаталарды көрсете отырып, антенна құрылғыларының орналасуы;
- 3) хабар беруші құралдың нақты қуаты.

7. Радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат телевизия немесе радио хабарларын тарату ұйымына беру үшін байланыс саласындағы уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне жіберіледі. Рұқсатты алғаннан кейін аумақтық бөлімше үш күн мерзімде өтініш берушіге олардан келіп, тағайындалған радиожілік спектрін пайдалануға рұқсатты алу қажеттілігі т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

8. Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожілік

спектрін пайдалануға рұқсат телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алынатын алымды бюджетке енгізгенін растайтын құжатты ұсынғаннан кейін беріледі.

9. Радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат жоғалған, бүлінген немесе жойылған жағдайда, телевизия немесе радио хабарларын тарату ұйымдары байланыс саласындағы уәкілетті органға және оның тиісті аумақтық бөлімшесіне телнұсқасын беруге жазбаша өтініш береді.

"Телнұсқа" деген белгісі бар радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттың телнұсқасын төлеуші телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаттың телнұсқасын бергені үшін алынатын алым ставкасына сәйкес телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алынатын алымның бюджетке енгізілгенін растайтын құжаттарды бергеннен кейін байланыс саласындағы уәкілетті орган өтінішті алған күннен бастап 15 күннің ішінде береді.